



Автор: ТУЛЕШОВА АЙЖАН ШАЛКАРОВНА

Пән: Әдебиеттік оқу

Сынып: 2-сынып

Бөлім: Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті

Тақырып: С.Көбеев. Атасы мен немересі.

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	2.1.1.1. Шығарманың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: Шығарманың мазмұнын сұрақтар арқылы айтады. Көптеген оқушылар: Шығарма мазмұны бойынша сахналайды. Кейбір оқушылар: Шығарманың негізгі идеясы бойынша ашық сұрақтар құрастырып, талдайды.
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар орындай алады: Шығарманың мазмұнын айта алады. Пәнге тән лексика мен терминология: Аяқ, күші кеміді, қалтыраушы Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер: Отбасы деген не? Отбасында кімдер тұрады? Отбасындағы өзіне үлкен адамды қалай құрметтеу керек? Үлкенді құрметтеу туралы қандай мақал- мәтел білесіз?
Күтілетін нәтиже:	Оқушының жаңа тақырыпты толық меңгеруі.
Бағалау критерийлері:	Шығарманың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді.
Құндылықтарды дарыту:	Қарым-қатынас жасау қабілеті, жауапкершілік, денсаулық, достық және айналадығыларға қамқорлық көрсету.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	https://www.google.com/search https://www.google.com/search https://www.google.com/search https://www.google.com/search https://www.google.com/search
Пәнаралық байланыс:	Дүниетану
Бастапқы білім:	Үлкенді құрметтеу туралы біледі.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5мин)	Ытымақтастық атмосферасын қалыптастыру шаттық шеңбері арқылы іске асады. Ана тілің арың бұл, Ұятың боп тұр бетте. Өзге тілдің бәрін біл, Өз тіліңді құрметте. «Жалаулар» арқылы топқа бөлінеді. Оқушылар қалаған жалауларын алып, 1, 2, 3 топтарға бөлініп отырады. 1-топ «Бақыт жалаулары» 2-топ «Арман жалаулары» 3-топ «Қуаныш жалаулары»	Бейсәтін.tif type unknown Бейсәтін.tif type unknown

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (30мин)	(Д) 1- Тапсырма « Ғажайып ұяшық» әдісі арқылы жүзеге асады. Әр ұяшықтағы сұрақтар арқылы жауап бер. Шығарманың басты кейіпкері кім? Немересі қандай әрекет жасады? Әкесі мен анасы не істеді? Бала атасына қалай араша түсті? Саралаудың «Диалог және қолдау көрсету» тәсілі арқылы іске асады. Көмек қажет ететін оқушыларға жетелеуші сұрақтар қойылады -Шығарма не туралы айтылған? - Оқиғада баланың әкесі мен анасы дұрыс іс-әрекет жасады ма? Кейбір оқушыларға ашық сұрақтар қойылады. - Неліктен бала ағаштан аяқ жасады? -Қалай ойлайсың баланың іс-әрекеті дұрыс па? Неліктен осындай тұжырымға келдің? Дескриптор. Ұяшықтағы сұрақтарға жауап береді. ҚБ:«Үш белгі» әдісі арқылы бағалайды. «Қызыл гүл» - сұраққа жауап берсе «Сары гүл»-сұраққа жауап бергенде қиналса «Көк гүл» - Сұраққа жауап беруде көмек қажет етсе. (Т) 2- тапсырма «Сахналау» әдісі арқылы жүзеге асырылады. Оқушылар сахнаға шығып шығарма желісі бойынша кейіпкелердің рөлін ойнап шығады. Өзіңе берілген кейіпкерді сахнала. Саралаудың «Қарқын» тәсілі қолданылады. Қарқыны баяу оқушыға қосымша уақыт беріледі. Қарқыны жылдам оқушыға қосымша тапсырма беріледі. Анасы мен әкесіне мінездеме бер. Дескриптор 1. Кейіпкерді сахналайды. 2. Анасы мен әкесіне мінездеме береді. ҚБ: «Күлімдеген күн» әдісі арқылы бағаланады. Ашық күн- Кейіпкерді сахналаса, анасы мен әкесіне мінездеме берсе Жартылай жабық күн- Кейіпкерді сахналаса, анасы мен әкесіне мінездеме беруде қиналса. Толық жабық күн -Кейіпкерді сахналауда, анасы мен әкесіне мінездеме беруде қиналса беріледі. 5e5cd75a343305c07611049b.png Image not found or type unknown Image not found or type unknown Image not found or type unknown Image not found or type unknown Сергіту сәті Тербеледі ағаштар, Алдымыздан жел еседі. Кіп-кішкентай ағаштар, Біп-биік боп өседі. (Ж) 3-тапсырма «Жалғасын тап» әдісі арқылы іске асады. 5e5cd78a88806.png Image not found or type unknown Мақалдың жалғасын тап. Әдепті бала..... Әдепсіз бала..... Әдептілік белгісі..... Саралаудың «Дереккөздер» тәсілі кейбір оқушыларға «Тез ойла» әдісі арқылы тапсырма беріледі. Әдептілікке байланысты 5 мақал ойлап тап. Дескриптор. 1. Мақалды жалғастырады. 2. Мақалды ойлап табады. ҚБ: «Білім қоржыны» әдісі қолданылады. Қызыл қоржын -Мақалды жалағастырып, мақал ойлап тапса. Жасыл қоржын - Мақалды жалағастырып, мақал ойлауда қиналса. Қоңыр қоржын - Мақалды жалағастыруда, мақал ойлауда көмек қажет етсе.	5e5cd6d618822.png Image not found or type unknown 5e5cd6e257eec.png Image not found or type unknown 5e5cd6ed6af08.png Image not found or type unknown
Сабақтың соңы (2мин)	С.Көбеев. Атасы мен немересі түсінік айту.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Рефлексия (Змин)	Кері байланыс. «Блум түймедағы» Мен үшін қызықты болды- Сары түсті жапсырады. Мен сабақты жақсы түсіндім- қызыл түсті жапсырады.Тақырып бойынша әліде ізденуім керек- көк түсті жапсырады.	5e5cd7c2d2d0f.png Image not found or type unknown